"Болашақ" балалар бақшасы

# "Мен елімді сүйемін!"

## мәнерлеп оқу сайысы

/ересек "Балбөбек"және "Балапан" топтары арасында

Музыка жетекшісі: А.А.Наурзалиева

желтоксан 2021 жыл

**Мен елімді сүйемін!**

(Мәнерлеп оқу сайысы)

Мақсаты: Тәуелсіздігіміздің 30жылдығына орай егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерін, елін сүюге, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу, балалардың тілін дамытып , сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілеттерін нығайту.

І жүргізуші:

Қайырлы күн

Армысыздар, өрлі де, асқақ рухты тәуелсіз елдің жас ұландары!

Бүгінгі « Мен елімді сүйемін!» атты мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер!.

Жүргізуші:

Әділқазы алқасы армысыздар!
Бейне бір жауатұғын қармысыздар.
Қатысыушыларға әділ баға беретұғын
Әділеттен жаралған жанбысыздар?! –дей келе,ең алдымен сайысымызды бастамас бұрын, әділ - қазылар алқасымен таныстырайын:

Әділ-қазылар:

Балабақша әдіскері: УразалинаГ.Б.

"Қазақ тілі"қоғамының төреайымы: Косанова Г.С.

жүргізуші:

Қазақпын мен, қазақтың бөлшегімін,
Қажеті не басқаның өлшемінің.
Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,
Енді міне жетеді көпке үнім - дей келе, мәнерлеп оқу сайысына қатысушыларды таныстыра кетейік. Бұл сайыс «Балапан "және "Балбөбек" арасында өтеді. Ортаға сайысқа қатысатын балаларды қошеметтеп ортаға шақырайық!

**Қазақстаным**

**Хабидулла Ибраһим**



Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным
Ақ қанат таңның көрдім мен ғажап ұшқанын
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір айдындарыңды
Алатау,Алтай,Қаратау айбындарыңды.
Құлпырды жерім,қызғалдақ нұрға кенеліп,
Ақындар өлең оқыды жырға бөленіп,
Қазақстан,Астан,өзен-көл,тау-тасыменді
Әлемнің барлық жағарған картасына енді
Ғаламға жайдың аспанға қазақ ұшқанын,
Қазақстаным,Тәуелсіз Қазақстаным!

**Тәуелсіздік елімде**

**Сүлеймен Нұрбек**



Бақыт құсы самғап ұшты көгімде,
Қазақ деген ғажап халық қашаннан
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.
Бабамның да арманы
Осы еді ғой аңсаған
Тәуелсіздік таңдары!
Бақ береді баршаға
Көк туымды қолыма
Бүгін берік ұстадым
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!



**Амандық Айша:** Отан деген берекелі отбасы
Сүйер оны адамзаттың баршасы
Мен бақытты бүлдіршінмін бүгінде
Жоқ қой оған ешкімнің де таласы
Бұның бәрі татулықтың арқасы
Тәуелсіздік –егемендігімнің бастауы

**Тәуелсіз елім**
**Сұлтан Айбар**



Тәуелсіздік-тартуы ол тәңірдің
Тәуелсіздік-маңдайдағы бағым бұл
Тәуелсіздік-сыбағысы халқымның
Тәуелсіздік-таймайтұғын тағым бұл

Тәуелсіздік-бабам берген аманат
Тәуелсіздік-келешектің кепілі
Тәуелсіздікжүрмін сені бағалап
Тәуелсіздік өткен күннің өтілі
Тәуелсіздік-тәубе екенбүгінде
Тәуелсіздік-тәубе сенің барыңа
Тәуелсіздік әр сәбидің үнінде
Тәуелсіздік әр қазақтың жанында!

**Республикам менің!**
**Мұратбай Нұрайым**



Қалың жұртым ,қазағым,мақтан бүгін
Жан сырыңды жайып сап ақтар бүгін
Мерейі үстем мерекең болсын құтты
Сан Ғасырлар жоғалтып тапқан бүгін
Тәуелсіздік тұғыры еркіндігің,
Күмбірледі күй болып шертілді үнің
Келген жоқ қой бостандық бостан босқа
Шым болаттай ,қазағым, серпіл бүгін»
Көгілдір Ту шырқау шың шаңырағым,
Әлдилеп тұр әуелеп Әнұраным
Босағада талай бір боздап қалған
Төрге шықты Елтаңбам,Әнұраным!
Тұлғасы бол,қазағым,бар биіктің
Ән шырқасын әр күнің жаңғырып тым
Иегері бола бер Қазақстан
Таңдандырар өзін де мәңгіліктің!

**Қазақстан Республикам менің! Д.Әбілов**



Айқаста жаудың алқымын сыққан
Ажалға қимай намысты елін
Төлеген Мәншүк батырлар шыққан
Қазақстан Республикам менің!
Орманы пүліш,бұлағы –күміс,
Таулары заңғар,өзені ырыс,
Қазақстан Республикам менің!
Абай туған ,Сәкен туған
Құрметте досым қазақтың жерін

Қамбаға жылда миллиард құйған
Қазақстан республикам менің! **Бақыт Сұлтанәлі**

**Отан Н.Ғалымбекұлы**



Егемен елдің ұлымын
Ертеңгі күннің нұрымын
Отанын сүйген азамат
Болатындардың бірімін
Біліммен жұпар жинаймын
Еліме бақыт сыйлаймын
Жүрекпен сүіп Отанды
Жүрекпен мәңгі жырлаймын
Отаным гүлге бөленсін
Өзге елдермен теңелсін!
Амандық болса ағайын
Бәрін де бірге көрерсің **Елтай Бейбарыс**

Отан Е.Өтетілеу



Отанды біз атамекен
Деп аялап атаймыз
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз
Отанды жас,кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз
Өйткені онда бәріміз де
Туып өмір сүреміз
Отанды әркім анасындай
Қастенрлейді бағалап
Өйткені Отан баласындай
Бізді өсірер аялап
Отан деген-атамекен
Отан деген –туған жер
Отан –Ана,Отан үлкен
Қазақстан –туңан ел! **Данаберген Медина**

**Елтаңбасы елімнің С.Калиев**




Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат, әдемі.
Тұнығындай көңілді, -
Ортада аспан әлемі.

Құт-береке шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда, -
Еркіндігім – Елтаңбам. **Инирбай МАйя**

**Қазақстан байрағы М.Әлімбаев**



Зеңгір аспан көгілдір
Алтын күні төрінде
Тамылжытып төгіп тұр
Шаттық сыйлар көңілге
Көк аспандай көгілдір
Өазақстан байрағы
Тұрса күндей төгіп нұр
Жылдарымыз жайдары
Көк байрақтың бетінде
Қыран бүркіт қанатты
Сол қырандай еркіндеп
Бала өседі талапты

**Болатбекқызы Жанерке**

Жүргізуші:
Ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз.Әділқазылар алқасының шешімімен балалар Мадақтамамен марапатталды.
Жүргізуші: Бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз. Тәуелсіздіктің тұғыры биік, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!